

## «Музыка» пәні бойынша тест спецификациясы

### 1. Тест мақсаты

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарында (бұдан әрі – ДББҰ) «өнер мұғалімі» лауазымына конкурс өткізу барысында «Музыка» пәні бойынша білім, білік және дағдыларын бағалау.

### 2. Тестілеуді өткізуге негіз болатын нормативтік құжаттар

2023 жылдың 10-тамызында ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген (№37 Хаттама) білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының бос лауазымдарына орналастыруға конкурс өткізу және педагогтердің кадр резервін қалыптастыру Ережесі.

### 3. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтайтын құжаттар:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
3. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
4. Жаңартылған мазмұн бойынша бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Музыка» оқу пәніне арналған типтік оқу бағдарламасы.
5. Жаңартылған мазмұнға сәйкес негізгі орта білім деңгейінің 5-6 сыныптары үшін «Музыка» оқу пәніне арналған типтік оқу бағдарламасы.
6. 5B010600- Музыкалық білім беру мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы.

### 4. Ұсынылатын әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі.
2. 2005 жылдан кейін шығарылған жоғары оқу орындарына арналған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі әдебиеттер мен ресурстар.

### 5. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтау:

| №       | Бөлім                         | 1 модуль | 2 модуль | 3 модуль | Барлығы |
|---------|-------------------------------|----------|----------|----------|---------|
| 1       | Музыкалық сауаттылық          | 4        | -        | -        | 4       |
| 2       | Халықтық музыка               | 2        |          |          | 2       |
| 3       | Музыка жанрлары               | 2        | 2        | -        | 4       |
| 4       | Классикалық музыка            | 4        |          | -        | 4       |
| 5       | Әлем халықтарының музыкасы    | 3        | -        | -        | 3       |
| 6       | Музыкадағы технология         | -        | 3        |          | 3       |
| 7       | Қазақстанның музыкалық мұрасы | -        | -        | 5        | 5       |
| Барлығы |                               | 15       | 5        | 5        | 25      |

## 6. Тест құрылымы, бағалау және ұзақтығы:

Тестілеу бес мүмкін нұсқаның ішінен бір дұрыс жауапты болжайтын 25 тест тапсырмасынан тұрады. Тест ойлау қабілеттерінің деңгейлеріне сәйкес модульдерге бөлінеді:

| Модуль                       | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Модуль 1<br>(базалық деңгей) | Базалық деңгейдегі тапсырмалар жалпы білім беретін мектептерге арналған типтік музыкалық оқу жоспарларына, музыкадан жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларына сәйкес келеді. Бұл деңгей білу, түсіну және қолдану дағдыларын тексеруге бағытталған |
| Модуль 2<br>(ілгері деңгей)  | Ілгері деңгейдегі тапсырмалар жалпы білім беретін мектептерге арналған типтік музыкалық оқу жоспарларына, музыкадан жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларына сәйкес келеді. Бұл деңгей қолдану және жоғары деңгей дағдыларын тесеруге бағытталған. |
| Модуль 3<br>(жоғары деңгей)  | Жоғары деңгейдегі тапсырмалар жалпы білім беретін мектептерге арналған типтік музыкалық оқу жоспарларына, музыкадан жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларына сәйкес келеді. Бұл деңгей жоғары деңгей дағдыларын тесеруге бағытталған.              |

### «Музыкалық сауаттылық» бөлімі

Нота жазбасының ерекшеліктері, музыкалық терминдер, музыкалық аспаптар.

### «Халықтық музыка» бөлімі

Халық музыкасы, тұрмыс-салт әндері.

### «Музыка жанрлары» бөлімі

Аспаптық музыка жанрлары, классикалық музыка жанрлары.

### «Классикалық музыка» бөлімі

Орган музыкасы, симфониялық музыка, опера өнері.

### «Әлем халықтарының музыкасы» бөлімі

Әлем халықтарының музыкасы

### «Музыкадағы технология» бөлімі

Компьютерлік музыкалық бағдарламалар, аудиофайлдарды құруға арналған бағдарламалар, бейнефайлдарды құруға арналған бағдарламалар.

### «Қазақстанның музыкалық мұрасы» бөлімі:

Қазақстанның ән өнері.

Тестті орындау уақыты – **40 минут**.

«Педагогикалық өлшеулер орталығы» тестілеу нәтижелерін өңдеуді әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайтын және теңестірілген ұпай бойынша тестінің қорытынды ұпайындағы үлесін есептейтін автоматтандырылған статистикалық және психометрикалық талдау арқылы жүзеге асырады. Бұл тәсіл нәтижелерді объективті және сенімді бағалауды қамтамасыз етеді, сондықтан **апелляция жүргізілмейді**.

Тестіден өту үшін шекті деңгей максималды балдың **60%** құрайды.